



9-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

## Демократия





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Демократия

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

## Демократия дегеніміз не?

Демократия осы уақытқа дейін еркіндік пен теңдік сияқты құндылықтарды қамтамасыз ететін құралдарының бірі болып келді.

Шынымен де, біз данышпан басшыларды мемлекеттік жүйелерді ұтымды үйлестіретін елестете аламыз, ал олар аталмыш жұмысты бәрінен жақсырақ істеуге міндетті. Бірақ шынайы өмірде жағдай өзгеше.

Дегенмен, осы негіздегі демократиядан бас тартуға дайынбыз ба? Неге олай? Жауап демократия бір үшін тек қана шешім қабылдау процедурасы ретінде ғана емес, кем дегенде басқа бір себеп үшін бағалы екені анық.

Мысалы, адамдардың дауыс беру құқығына ие болудың ерекше мәні бар. Қара нәсілді адамның, мысалы осы құқыққа күресіп қол жеткізгені, немесе XX ғасырдың басындағы әйелдерге дауыс беру құқықтарын еске түсірсек.

Қалай деген де, дауыс беру құқығы бар адамдардың барлығы құрметті азаматтар деп айту бір мәселе. Сонымен қатар біз, әркім құрметке ие бола алады немесе әркім тең дәрежеде құрметке ие болуы тиіс деп айта аламыз ба? Біз тек бір ұсынысты ғана көрдік, оған сәйкес барлық адамның дауыс беру құқығы болуы тиіс, алайда, кей кездері кейбір адамдарға бұл құқық берілмеуі тиіс, ал тағы біреулерге бір дауыстан артық дауыс беру құқығы берілеуі тиіс: Джон Стюарт Милль ДЖОН СТЮАРТ МИЛЛЬ (1806–1873 жж.) [https://ru.wikipedia.org/wiki/Милль,\\_Джон\\_Стюарт](https://ru.wikipedia.org/wiki/Милль,_Джон_Стюарт) көпше дауыс беру схемасы ұсынған болатын. Бір қызығы, бірде-бір ірі ойшыл Милльмен осы мәселеде келіспеді. Кейбіреулері тіпті, оған қарсы дәлелдер келтірудің қажеті де жоқ деп есептеді. Оның себебі қарапайым, Милльдің ұсынысы демократия барлығыны бірдей құрмет көрсету тиіс деген идеяны теріске шығарады. Сондықтан да көптеген елдер қылмыскерлерді дауыс беру құқығынан айырды: олар өз мінез-құлқымен тең құрмет құқығынан айырылады.

Джонатан Вулф демократия арналған тарауын Руссоның «Қоғамдық келісім-шарт» атты саяси еңбегінің үзіндісінен бастайды:

Ағылшын халқы өзін еркінбіз деп ойлап қателеседі, ол тек парламент мүшелерін сайлау кезінде ғана еркіндікке ие; сайлау біткен соң, ол түкке тұрғысыз құлға айналады. Олардың өз еркіндігін сол қысқа мерзімде ғана қолдануы одан айрылып қалғандарын толықтай ақтайды.

Джонатан Вулф

- дегенді келтіріп демократиялық мәселелерінің күрделі және қарама-қайшылыққа толы екені туралы ой өрбітеді.

Бізге мемлекет қажет пе, жоқ па деген ойымызға қарамастан, факт біреу - мемлекет бар. Ал, біздің қазіргі тарихи шарттарымыз тұрғысынан алғанда, ол шынымен де өзгереді деп күту өте қиын. Осылайша, кез-келген адамды, тіпті философиялық көзқарастағы анархисті де мемлекет немесе билік қандай болуы керек деген мәселе қызықтарады. Бұл билік (үкімет) қандай болуы керек? Кімнің басқаруы керек? (кім басқаруға тиіс?) Жалпыға ортақ пікірге сай тек демократиялық билік қана өзін толықтай ақтай алады. Тирандық билік, аристократиялық билік және абсолюттік монархия сияқты түрлері қажет емес. Алайда, демократия дегеніміз не? Ол шынымен бізді қызықтыратындай жағымды ма?

Бізге демократия дегенді «халықтың халықты және халық үшін билеуі» деп түсіндіреді. Халық үшін құрылған үкімет дегеніміз, оның билеушілердің пайдасына емес, халықтың мүддесіне қызмет ететінін білдіреді. Дж.Бентамның сөзімен айтсақ, демократиялық билік дегеніміз - өзінің қол астындағылардың мүддесі үшін жүргізілетін билік. Бірақ биліктің басқа түрлері туралы да солай айтуға болады.

Мысалы, Вольтер халықпен кеңеспей-ақ басқаратын, бірақ оның мүддесін ойлайтын білімді деспот басқаратын «ізгі диктатураны» жақтады. Ал демократия дегеніміз, керісінше - халық өзі-өзі басқаратын ұжымдық билік. Демократияны «халықтың билігі», «халық үшін» және «халық арқылы» басқару деп түсіндіруге болады. Бұл үштіктегі алғашқы «халық билігі (үкіметі)» деген тіркес алғашында жай ғана бос сөз болып көрінеді: сонда халықтық емес билік (үкімет) қандай болмақ? Анархия ма? Алайда, демократиялық мемлекет тек өз электоратының құрамына кіретін адамдарға ғана билік жүргізе алады деген ой туындауы мүмкін. Бағынышты топқа не территорияға билік жүргізу демократияның шынайы идеалдарына қайшы болып саналады.

Қазіргі теоретиктердің барлығы демократия, кем дегенде, үш бөліктен тұратын сипаттаманы қанағаттандыруы керек дегенмен келіседі. Бірақ демократияның не екеніне қатысты бұдан басқа да үлкен тартыс орын алып отыр. Қазіргі саясатта демократияның жақсы екеніне қатысты пікір қалыптасқан. Демократиялық мәртебе (статус) көбіне режимдердің заңдылығын тексеретін лакмус қағазы ретінде қабылданады. Егер Үкімет немесе мемлекет демократиялық емес деп саналса, әлемдік саясатта қатан



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Демократия

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

сынға ұшырайды. Тіпті «демократиялық» деген сөз үшін де күрес жүріп жатыр, ал оны демократиядан алыс режимдер де қабылдап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия екіге бөлінгенде, бұған тікелей себепші болған Совет Одағы Шығыс Германияны бірден «Герман Демократиялық Республикасы» деп атады. Одақтық күштер Батыс Германияға берілген «Герман Федеративтік Республикасы» деген атауды қанағат тұтуына тура келді. Бірақ батыс комментаторлары өздерінің демократиялық идеалдарға әлдеқайда жақын екендіктерін түсінетін еді. (Джонатан Вулф. 63 бб)

## Демократиялық теорияның күрделі қайшылықтары

Джонатан Вулф заманауи демократиялық жүйелердің шынайы көрінісін талдай отырып ой тастайды. Алайда, демократия өзінің бүгінгі абырой-атағына шын мәнінде лайықты ма? Қалай десек те адамзат тарихының көп кезеңінде демократия туралы жағымсыз көзқарас басым болды. Ол тек соңғы кездері өркендей түсті, ал ежелгі Грекияда өте шектеулі формада болса да, қысқа ғана ғұмыр кешті, алайда содан кейінгі 2000 жыл ішінде демократиялық мемлекет мүлде айтарлықтай көрініс берген жоқ. Егер демократия жиі айтылатындай шынымен де тартымды болса, неліктен барлық тарихи кезеңдерде көп ойшыл оны теріске шығарып келді?

Сонымен қатар, бүгінгі теоретиктердің бәрі бірдей демократияны соншалықты тартымды деп санамайды. Олар демократияның құндылығына күмәнданбайды, оның үйлесімділігін жоққа шығарады.

Кейде «демократия» - бұл саяси жүйенің атауы емес, мадақтаудың көрінісі деп те айтылып жатады. Осы көзқарасқа сәйкес, демократияға қатысты бірыңғай жүйелі теория жоқ. Демократияны қолдайтын адамдардың барлығы оң баға беретін саяси жүйе жоқ.

Мұндай сын біраз әсіреленгендей болып көрінсе де, оның негізсіз емес екені де анық. Демократиялық теория күрделі қайшылықтардан тұрады. Сондықтан да демократияны жақтайтын немесе оған қарсы аргументтерді қарастырмас бұрын демократиялық теорияның қалыптасуындағы түбегейлі мәселелердің кейбірін зерттеп қарау пайдалы болмақ.

Демократиялық теориядағы шиеленістің бірі – «көпшілік ережесі» жүйесі ретіндегі демократия идеясы мен демократиялық тұрғыдан «индивидтерді (жеке тұлғаларды) қарастыру» идеясы арасындағы қайшылық. Егер біреу наразылығын білдіріп, «мен бұл мемлекетті демократиялы болуы керек деп ойлап едім» десе, бұл оның өзін әділетсіздіктің құрбаны ретінде санайтынын көрсетеді. Мәселен, оның үйі - жолды босату үшін міндетті түрде сатып алынатын нысандардың бірі болған шығар. Үйіне жақын маңға жаңа әуежай салынатын болып жоспарлануы да мүмкін, әлде баласын жергілікті мемлекеттік мектепке орналастыра алмады ма екен. Қалай болғанда да, бұл адамның жеке мүдделері мен құқықтарының жеткілікті деңгейде есепке алынбауы шағымға себеп болып отыр. Бұл жағдайды демократиялық емес деп айтуға болады. (Джонатан Вулф)

Алайда, шынымен солай ма? Айталық, адамдардың 51 пайызы жол мен әуежайдың салынғанын қалайды немесе баланы мектепке қабылдамау керек деп есептейді. Олай болса, көпшілік ережесі принципі ретіндегі демократияның мүддесіне қайшы ешқандай әрекет жасалған жоқ. Көпшілік ережесі оған қарсы келді.

Бұл жердегі шиеленіс демократиялық теорияның дәл өзегінде екенін көреміз. Де Токвил бұл жағдайды «көпшіліктің тирандығы» деп жақсы сипаттаған. Бұл идеяны ары қарай дамытқан Джон Стюарт Милль демократиялық режимдер жаппай орнықпай тұрғанда адамдар өз мүдделерін көздей отырып, билік жүргізсе, саяси қысымға жол берілмейді деген түсінік болғанын ескерткен. Егер, халық өзін-өзі басқарса, неліктен адамдар репрессивті заңдарды қабылдайды? Алайда, Милльдің пікірінше, бұл жердегі қателік - саясат адамдардың әрқайсысына бірдей ықпал ететіндей көруден, халықты бірыңғай мүдде көздеген біртектес масса ретінде қарастырудан шығып отыр. Алайда, біз мұндай емеспіз - біздің мақсаттарымыз, мүдделеріміз, жоспарларымыз әртүрлі, түрлі жерлерде өмір сүреміз, өмір сүру ұзақтығымыз да әртүрлі болғандықтан, азшылық үшін жағымсыз әсері болатын заңдарды көпшіліктің қалай қабылдайтынын түсіну қиын емес. Бұл демократияға қайшы ма, жоқ па? Егер сіз демократиялық мемлекет барлық адамды қорғауға тиіс деп ойласаңыз, онда сіздің жауабыңыз «иә» болмақ, ал егер, демократия жай ғана көпшілік ережесі деп есептесеңіз, «жоқ» деп жауап бересіз.

Милльдің пікірінше, Көпшіліктің тирандығына тосқауыл қою үшін белгілі бір шаралар қабылдануы тиіс. Біз оның бұл ұстанымын алда егжей-тегжейлі қарастырамыз. Бұл жердегі мәселе мынада, демократия теоретигі демократия деген - шын мәнінде, көпшіліктің ережесі ретіндегі өрескел қағида ма, әлде біз демократияның азшылықтың мүддесін қорғайтынын білдіретін «Мэдисондық көзқарасты» басшылыққа алуымыз керек пе деген мәселенің басын ашып алуы керек. (Джеймс Мэдисон, 1751-1804, Америка)



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Демократия

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

конституциясының негізін қалаған адам ретінде белгілі)

## Өкілдік және тікелей демократия мәселелері

Екінші пікірталас демократияның репрезентативтік (өкілдік) және «тікелей» модельдеріне қатысты. Тікелей демократия жағдайында сайлаушылар үміткерлерге дауыс бермейді, олар заңдарды немесе саясатты қолдап не оларға қарсы дауыс береді. Ең дұрысы, әрбір маңызды мәселе референдум арқылы электораттың таңдауына ұсынылады. Ал, басқа жағынан қарағанда, өкілдік демократия дегеніміз - азаматтар өз мүдделерін үкіметтік деңгейде көтеретін адамға дауыс беретін белгілі жүйе. Кейіннен дәл осы өкілдер заңдарды қабылдайтын болады. Алғашқы жүйе демократияның таза рухына сай келетін сияқты, алайда іс жүзінде ол бүгінгі қоғамға белгісіз. Қазіргі таңдағы демократиялар сайлауды күн тәртібіндегі нақты мәселелерді шешу үшін емес, үкіметті қалыптастыратын адамдарды анықтау үшін қолданатын репрезентативтік (өкілдік) үлгіні ұстанады. Бірақ егер де бұл өкілдік (репрезентативтік) жүйені демократиялық емес деп есептесек, онда демократия бұрын-соңды болып көрген емес. Заманауи «либералды демократияның» көптеген сыншылары осындай қорытындыға келген. Олар «Демократия біздің қолымызда болса, онда ол тамаша нәрсе болар еді» дегенді айтады.

Индивидтердің (жеке тұлғалардың) құқықтарына көпшілік ережесі қарсы болатын және тікелей модельге өкілдік модель қарсы келетін бұл екі көзқарас - демократиялық теорияның қалыптасуында үлкен маңызға ие. Алайда олар барлық даулы мәселелерді шешпейді. Мысалы, ежелгі гректер арасында кейде үміткерлерге беру демократияға қайшы келеді деген пікір болған: өйткені аса танымал емес үміткерлердің мүмкіндіктері әлдеқайда аз. Сол себептен, билеушілер лоторея арқылы сайлануы керек. Басқа теоретиктер әртүрлі индивидтердің (жеке тұлғалардың) қалауларының күшін есептейтін және өлшейтін тәсілдерді табуы ұсынды. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда, не қалайтынын жақсы білетін азшылық енжар көпшілікке қарағанда басым түсуге тиіс. Сонымен қатар, дауыс беруге кімнің құқығы бар екеніне қатысты сұрақты да назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Ежелгі Грек демократияларында халықтың аз ғана бөлігі дауыс беру құқығына ие болған: әйелдерге, құлдарға және шетелдіктерге, тіпті сол мемлекет аумағында бірнеше атадан бері өмір сүрсе де бәрібір, дауыс беру құқығы берілмеген. Қазіргі заманға келсек, Біріккен Корольдікте (Ұлыбританияда) 1928 жылға дейін әйелдер ерлермен тең дәрежеде болған жоқ, ал көптеген мемлекеттерде «гастарбайтерлердің» дауыс беру құқығы жоқ.

Басқа деңгейде қарастырсақ, дауыс беру тәртібіне қатысты түбегейлі болмаса да, әлдеқайда күрделі пікірталастар белгілі. Көптеген еуропалық мемлекеттер пропорционалдық өкілдік жүйесі қандай болу керек деген мәселе бойынша көптен бері пікірталас жүргізіп келеді. Ол Еуропалық Парламентте қолданылатын берілген дауыстардың жалпы саны өкілдер санына пропорционалды болатын репрезентативтік (өкілдік) жүйе болуы тиіс пе әлде Біріккен Корольдікте қолданылатын мажоритарлы жүйе болуы тиіс пе? Әрине, мұндай пікірталастардың маңызы зор, ал жүйені таңдау мәселесі де көп нәрсені шешеді. Мысалы, Гитлердің билік басына келуі Германияда пропорционалды репрезентативті (өкілдік) жүйенің болғандығынан ғана деген пікір жиі айтылады. Алайда, философиялық көзқарас тұрғысынан алғанда, өзекті міндеттер демократия қандай болуы тиіс және оның құндылығы неде деген мәселені айқындауға тиіс.

Қазіргі таңдағы біздегі демократиялық жүйені қорғау үшін тағы не айта аламыз? Бәлкім, біз ең жақсы ұсыныс ретінде қосарымыз осы болар. Қазіргі әлемде біз билік құрылымдарының мәжбүрсіз өмір сүре алмайтындығымызды мойындауымыз керек. Ал, егер бізде ондай құрылымдар болса, онда бізге сол рөлдерді орындайтын адамдар қажет болады. Өткен ғасырларда адамзат баласы кейбір адамдардың басқаруға табиғи құқығы бар деп мойындауға дайын болған. Немесе Құдай берілген ерекше қасиет деп ойлағанбыз. Алайда, біз осындай тұжырымды қазір қабылдауға дайын емеспіз. (осындай пікірді біз қазір қабылдай алмаймыз) Біз жекелеген адамдарды халық сайлаған жағдайда ғана басқаруға құқығы бар екенін мойындаймыз, және, мүмкін, одан да маңыздысы, ол басқарушылар легитимді билік алмасу механизмін бұзбайды, халықтың қан төгуінсіз орнынан конституцияға сәйкес босатылады деп есептейміз. Яғни тек демократия ғана бізге «неге белгілі бір адамдардың билік етуі тиіс?» немесе олардың билігі неліктен заңды? деген сұрақтарға жауап бере алады. Демократиялық жолдар арқылы біз, әрине, билеушілердің іс-қимылдарын белгілі бір деңгейде бақылай аламыз. Мүмкін, бұл саяси құрылым тұрғысынан да, қазіргі заманғы демократияны қорғаудың ең ұтымды әрекеті ретінде қабылдай аламыз.